ATYRAU UNIVERSITY

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

**БЕКІТЕМІН**
«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор
_______ С.Н.Идрисов
«21» 01 2021ж.

# «СЕНАТОР» ПІКІР САЙЫС КЛУБЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**СМЖ № 151**

**Атырау 2021ж.**

| | Лауазымы | Т.А.Ә. | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|
| **Жасақтаған** | Жастар саясаты департаменті директоры | Б.Б.Қорған | | 20.01. 2021 |
| **Келісілді** | Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а | К.М.Утепкалиева | | 20.01. 2021 |
| | Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор | Л.Е.Қойшығұлова | | 20.01. 2021 |
| | Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі | Ж.Т.Кайшыгулова | | 20.01. 2021 |
| | Заң кеңесшісі | К.С.Куанов | | 20.01. 2021 |

## Мазмұны


| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 4 |
| 2 | Қысқартулар | 4 |
| 3 | Нормативтік сілтемелер | 4 |
| 4 | Негізгі міндеті | 4 |
| 5 | Негізгі қызметі | 5 |
| 6 | Ұйымдық құрылымы | 5 |
| 7 | Құқығы | 6 |
| 8 | Жауапкершілігі | 7 |
| | Танысу парағы | 8 |
| | Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы | 9 |

**1 Жалпы ереже**

1.1 Атырау университетінің «Сенатор» пікірсайыс клубы (әрі қарай-ПК) – университет деңгейінде студенттердің шешендік шеберліктерін, көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін ерікті түрде құрылған студенттердің қоғамдық ұйымы.

1.2 Турнир – жоғарыда айтылған шеберліктер мен қасиеттерді қаншалықты меңгергені жайлы мәлімет беретін, өзін-өзі бағалауға бағытталған ПК құрамындағы фракциялар арасындағы жарыс.

1.3 Фракция – ПК құрамындағы 2 спикерден тұратын команда.

1.4 Спикер – ПК толық құқылы мүшесі ретінде қабылданып, спикерлігін дәлелдейтін куәлігі бар мүшесі.

1.5 Дебат жұлдызы – ағымдағы жылдағы турнирларда жетістікке жеткендері үшін спикерлерге берілетін статус.

**2 Қысқартулар**

АУ-Атырау университеті;
ПК-Пікірсайыс клубы;
ӘМЖЖСЖП-Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;
ҚББ-Құрылымдық бөлімнің басшысы;
СМК-Сапа мониторингі кеңсесі.

**3 Нормативтік сілтемелер**

3.1 АУ жарғысы;

3.2 АУ ішкі құжаттамасы;

**4 Негізгі міндеті**

4.1 Сенатор" пікірсайыс клубы коммуникативтік дағдыларды дамыту, қоғамдық жағдайды бағалау, көшбасшылық дағдыларды дамыту және басқа да студенттік қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату мақсатында құрылды;

4.2 Жоғары оқу орны студенттерінің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру;

4.3 Шешендік шеберлікті және пікірталас жүргізу ережелерін үйрету;

4.4 Негұрлым қызықтыратын әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылау үшін пікірсайыс клубы мүшелерінің тұрақты жиналыстарын өткізу;

4.5 Даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешуге үйрету;

**5 Негізгі қызметі**

5.1 студенттердің креативті ойлауын, шығармашылығын, шешендік шеберлігін дамыту;

5.2 ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;

5.3 басқа оқу орындарымен тәжірибе алмасу, қонақ ойындарын өткізу;

5.4 өз көзқарасын қорғауға үйрету;

5.5 гуманистік дүниетанымды, құқықтық және саяси мәдениетті қалыптастыру;

5.6 әр түрлі көзқарастарға төзімділік пен құрмет;

5.7 серіктестік қарым-қатынас және командада жұмыс істей білу;

**6 АУ «Сенатор» ПК структурасы.**

**6.1 ПК әкімшіліктен және мүшелерден тұрады**

**6 АУ «Сенатор» ПК структурасы.**

**6.1 ПК әкімшіліктен және мүшелерден тұрады**

**ПК әкімшілігінің құрамы:**

-Президент
-Қазақ лигасының координаторы
-Қазақ лигасы координаторының орынбасары
-Орыс лигасының координаторы
-Орыс лигасының координаторының орынбасары
-Ақпараттық қызмет
-Пиар бөлімі
-Ақпараттық бюро

**ПК мүшелері:**

-Жаңадан келгендер
-Спикерлер
-Дебат жұлдыздары
-Төрешілер
-Ұстаздар

**6.2 АУ «Сенатор» ПК әкімшілігінің міндеттері мен құқықтары:**

➢ Президент – Клуб басқарушысы болып саналады.

**6.3 Президент құқылы:**

- ПК жұмысына өзгертулер енгізуге;
- Кезекті және кезектен тыс жиналыстар өткізуге;
- ПК іс-әрекетін университет әкімшілігімен және басқа да студенттік ұйымдармен сәйкестендіруге;
- ПК әкімшілігі мен мүшелерін бекітуге;
- Квоталарды бөлуге;
- Өз орнына мұрагер дайындап қалдыруға;
- Лига координаторларының шығарған шешімімен келіспеуге, соңғы шешімді қабылдауға;
- ПК байланысты басқа да сұрақтарды шешуге.

**6.4 Президент міндетті:**

- ПК жоспарларын және мақсаттарын іске асыруға;
- ПК әкімшілігі мен мүшелеріне жауапты болуға;
- Лигалардың жұмысын ұйымдастыруға;
- Лига координаторларынының жұмыс бабындағы кемшіліктерін жоюға.

**6.5** **Лига координаторы** – президенттің бірінші орынбасары, Президент болмағанда, Президенттің қызметтерін уақытша атқарушы. Лига координаторын ПК мүшелері жабық дауыс беру арқылы, 1 жыл мерзімге, келесі жылы қайта сайлану құқығымен сайлайды.

**6.6 Лига координаторы құқылы:**

- Өз лигасының жиналыс уақытын белгілеуге;
- Фракцияларға Турнирге шығуға мүмкіндік беруге;

- Лига ішілік кіші турнирлер өткізуге;
- Спикерлерді ойынға қатыстыруға және себептерін нақты көрсетіп, спикерге түсіндірген жағдайда ойыннан алшақтатуға;
- Бейресми шаралар өткізуге;

**6.7 Лига координаторлары міндетті:**

- Президенттің берген тапсырмаларын орындау
- Лигадағы тәртіпті қадағалауға;
- Жаңадан келген мүшелерге форматты түсіндіріп үйретуге;
- Мүшелердің кезекті жиналыстарға дер кезінде келуін қадағалауға;
- Кезекті жиналыстарға тақырып таңдауға;
- Кезекті жиналыс өтетін орынға жауапты болуға.

**6.8 Лига координаторының орынбасары** – ПК мүшелерін тіркеу және ПК барлық іс-шараларына қатыса отырып, әкімшілік тарапынан болған ұсыныстар мен нұсқауларға Лига Координаторымен бірге жауапты. Лига Координаторының орынбасарын Лига мүшелерінің ұсынысымен Лига координаторы 1 жыл мерзімге тағайындайды. Лига координаторының орынбасары өзіне жүктелген қызметтерді атқармаған жағдайда, Лига Координаторының шешімімен орнынан босатылады, уақыты мен мерзіміне байланыссыз.

**6.9 Ақпараттық қызмет –** өз кезегінде уақытылы және сапалы түрде ПК мүшелерін барлық ақпарат түрлерімен қамтамасыз етуге және басқа ПК-мен, басқа да Студенттік ұйымдармен байланыс орнатуға жауап береді. ПК айлық есептерін өткізуге жауап береді. Ақпараттық қызмет құрамын Лига координаторлары мен Президент уақытша мерзімге тағайындайды.

**6.10 АУ «Сенатор» ПК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері:**

- Формат үйренуге құқылы;
- Клуб ішілік турнирлерге қатысуға құқылы;
- Лига орынбасарына ұсыныс жасауға құқылы;
- Қалалық, республикалық турнирлерге Лига координаторының жолдамасымен қатысуға құқылы;
- Уақытылы жиналысқа келуге міндетті.
- Лига координаторымен берілген тақырыптарға дайындалуға міндетті;
- Басқа да ПК әкімшілігімен жүктелеген жұмыстарды атқаруға міндетті.

**6.11 ПК жиналысы**

-ПК жиналысы – ПК басты мәселелерін шешу және әрі қарай дамытуға бағытталған, әр апта сайын пікірсайыс ойындары өткізілетін жиналыс. Оған ПК әкімшілігі мен мүшелері қатысады.

-Маусымның басында ПК мүшелерінің сабақ кестесіне сай ПК жиналысының кестесі жасалады. Белгілі бір себептерге (мейрам, турнир, демалыс және т.б.) байланысты күні мен уақыты өзгеріп отыруы мүмкін. Лигалар жиналысы 1 айда бір рет өткізеді.

-Лига жиналысының өтуіне Лига координаторы, егер Лига координаторы болмаса Лига координаторының орынбасары жауапты.

-Кезектен тыс жиналыс ПК Президентінің бастамасымен, Лига Координаторларына алдын ала ескертіліп өтеді.

-Қажетті жағдайда Лига жиналысы шақырушы жақтың аймағында өтеді.

-Клуб әкімшілігінің рұқсатымен Лига жиналысына қонақтар қатыса алады.

**6.12 Клубқа мүшелік**

-Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті және өзге де жоғары оқу орындарының ниет білдіруші кез - келген студенті әр оқу жылының басындағы ПК ұйымдастыруымен өтетін іріктеуге қатысу арқылы «Сенатор» ПК құрамына мүше бола алады.

-ПК құрамынан шығу белгілі себептерге байланысты ПК әкімшілігінің шешімімен немесе студенттің өз еркімен жүзеге асады.

**7 Құқығы**

7.1 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады.

Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

ҚББ-не енгізілетін өзгерістер ОІЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі

Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

**Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:**

-заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

- басқарма төрағасы - ректорының бұйрықтары;.

-құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;

-құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;

-мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

**8 Жауапкершілігі**

**8.1** Пікірсайыс клубы сөз сөйлеу бағдарламасының сценарийі үшін жауап береді;

**8.2** Өз міндеттемелерін олардың шарттарына,заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған кезде – жалпы қабылданған этикалық нормаларға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес тиісті түрде орындауға міндетті.

Бекітілген құжатты қызметкерлердің назарына жеткізгені үшін құжатты әзірлеушілер жауапты болады.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен ИСО 9001:2015 МС талаптарына сәйкес ережені келісуді СМК жүзеге асырады.

Күші жойылған ережені ауыстыру және жою үшін ҚББ жауапты болады.

Есепке алынған Ереженің жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін ҚББ жүктеледі.

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| № р/с | Қызметкердің Т.А.Ә. | Лауазымы | Танысу күні | Қызметкердің қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

## ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| № р/с | Құжат бөлімінің, тармағының, тармақшасының № | Өзгеріс енгізу күні | Негіздеме (Бұйрық №, күні) | Өзгеріс енгізілген күн | Өзгерісті енгізген тұлғаның қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |